

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауы. 2008 жыл, 6 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы. 2011 жыл, 29 қаңтар.
3. Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. - Алматы, 2013.-200б.
4. Табынұлы Т. «Үш тұғырлы тіл: Бәсекеге қабілетті ұлт болудың бірінші сатысы» // «Айқын апта» газеті - 2011 жыл, 29 наурыз.

АУҒАН – КЕҢЕС СОҒЫСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

Түсіпбек Қ.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Абдрахманова Қ.Қ.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ауғанстан – территориялық жағынан алғанда Орталық Шығыстағы үлкен ел.

Шығыстағы (Хайбер таулы асуынан) батысқа (Зульфигор шатқалына) дейінгі шекара 960 шақырымдық ең үлкен арақашықтықты құрайды. Солтүстіктен оңтүстікке дейінгі тікелей арақашықтылық (Амудария өзеніндегі Хамаиаб бекетінен Чагай тауларының оңтүстік шетіне дейін) тура 800 шақырым. Ауғанстанның жалпы аумағы 652,2 мың шаршы шақырым.

Ауғанстанмен 5 мемлекет шекараласады: солтүстікте – бұрынғы кеңестер одағы құрамындағы Орта Азия мемлекеттері, солтүстік – шығыста Қытай Халық Республикасы (ҚХР) мен Үндістан, батыста – Иран, оңтүстік – шығыста – Пәкістан. Шекара сызығының барлық аумағы – 5425 шақырым, оның – 2356 шақырымы Орта Азия мемлекетімен, 75 шақырымы ҚХР – мен, 120 шақырымы Үндістанмен, 820 шақырымы Иранмен, 2480 шақырымы Пәкістанмен шекарны құрайды.

Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі Кабул, Ауғанстан мемлекетінің астанасы болып саналады. Кабул – көптеген ғасырлар бұрын бой көтерген қала.

Ауғанстан жерінің 4/3 бөлігі таулы. Елдің солтүстік шығысынан – оңтүстік батысына қарай өте ірі Гиндикуш тау жоталары созылып жатыр. Оны Ауғанстанның солтүстігі мен батысында Паропамид және Сафеднах жоталары алмастырады. Оңтүстігін Газни – Қандағар таулы үстірті алып жатыр [1, 8 б.].

Ауғанстан халқы 20- дан астам әр түрлі этникалық топтардан құралған. Ұлт ретінде қалыптасу процесі XVII – XVIII ғасырларда аяқталды. Саны 20 млн 547 мың. Оның ішінде 5 млн-ы Кеңес – Ауған соғысы, одан кейінгі уақыттарда орын алған ішкі жанжалдар салдарынан Пәкістан, Иран, сонымен қатар АҚШ, Канада және т.б. батыс елдерінде тұрып жатқан босқындар (1996). Ауғандықтардың 48 % - ын пуштундар құрайды, олар дуррани, гильзай, хоттак, уәзір, африд, кака сияқты тайпалар мен тайпалық одақтарға бөлінеді. Бұлардың барлығы да үлкен Еуропа расасының Үнді – Жерорта теңізі нәсіліне жатады, Үнді еуропа және дари (тәжік) тілдер шоғырының иран тобына жататын пушту (пашто) тілдерінде сөйлейді. Этногенезі толық анықталмаған, негізінен, үнді, тәжік, түркі халықтарының араласуы барысында қалыптасқан.

Шамамен алғанда елдің этникалық құрамы мынадай:

Пуштундар – 9 млн адам (халықтың жалпы санының 48 %)

Тәжіктер – 4 млн (20%)

Хазарлықтар – 2 млн (10%)

Өзбектер – 1,7 млн (8%)

Түркімендер – 0,5 млн (3%) басқа ұлттар (арабтар, пашайлар, муритандықтар, үндістер т.б) – 2,6 млн (14%) [2]

Ауғанстан экономикалық даму жағдайы жөнінде 1977 жылы 129 дамушы мемлекеттердің арасында 108-ші орынды иеленді. 1979жылы басталған соғыс ел

экономикасына көп зиян келтірді. Дүниежүзілік саудада импорт мөлшері өсіп, экспорт мүлде азайып кетті.

1919 жылы билік басына Аманулла хан келді (XX ғасырдың бас кезінде таққа отырған оның әкесі Хабиболла хан Жалалбад маңында өлтірілгеннен кейін). 28 ақпанда Кабулдың бас мешітінде Аманолла хан өз елінің тәуелсіздігін жариялады. Ресей тәуелсіз Ауған мемлекетінің (1919 жылғы 27 наурыз) тәуелсіздігін мойындаған және онымен дипломатиялық қатынас орнатқан тұңғыш держава болды.

1921 жылғы 28 ақпанда жостық туралы кеңес-ауған келісім-шарты жасалды [3, 12-15 бб.]

1926 жылы 31 тамызда Ауғанстан мен КСРО арасында бейтараптық және өзара тиіспеу туралы шарт жасалды [4, 82 б.]

1973 жылға дейін Ауғанстан да монархиялық билік орнады. 1973 жылы әскери төңкеріс болып, республика жарияланды. 1978 жылытағы да қанды төңкерістен кейін үкімет басына Революциялық Кеңес келді. Оны қолдау үшін 1979 жылы 25 желтоқсанда Ауғанстанға Кеңес Одағының әскерлері кіріп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді.

Совет Одағында «ауған соғысы» деп аталып кеткен әскери қақтығыс – Ауғанстандағы бір-біріне қарсылас Ауғанстан Демократиялық Республикасының Үкіметі мен қаруланған оппозиция-ауғандық моджахеттердің арасындағы азаматтық соғыстың бір бөлшегі еді. Елді кім басқарады және жаңа мемлекеттің саясаты қандай бағытта болмақ? Даудың негізі де осында болатын.

КСРО мен АҚШ та бұл соғысқа саяси жағдайлармен кірісуге мәжбүр болды. Совет армиясы Ауғанстан Үкіметінің қарулы күштерін жақтаса, Американың қаржысы мен техникасы, қару-жарағы моджахеттерді қолдауға жұмсалды. Оның үстіне оппозицияны Қытай, Пәкістан, Иран, Мысыр, Сауд Арабиясы мен Ұлыбритания жақтап отырды.

Ауғанстан Демократиялық Республикасы 1978 жылы Сәуір революциясы, шындығына келсек, коммунистік революция нәтижесінде Ауғанстанның демократиялық халық партиясы мен Ауғанстанның біріккен коммунистер майданы сол кездегі мемлекет президенті М.Даудты орнынан алуының арқасында құрылды. Революциялық Совет жоғарғы мемлекеттік орган болып, Ауғанстанның халық-демократиялық партиясы басқарушы партия ретінде танылды.

Жаңа режимге қарсылық бірден басталып кетті. 1978 жылдың қазан айында үкіметке қарсы көтерілістер Нүристанда басталып, 1979 жылдың наурызында Герат қаласына өтті. Сол жылдың қыркүйегіне дейін көтеріліс провинциялардың тең жартысына дейін жайылып кетті.

1979 жылдың шілдесінде Ауғанстанға Совет армиясының ең алғашқы әскери құрамы ретінде 345-ші жеке парашютті-десант полкінің жеке батальоны келді. Моджахеттерге қарсы Совет армиясының іс-әрекеттері кейіннен жүргізілгенімен, дәл осы уақытты ауған соғысының басталуы деп санауға болады. Жалалабад гарнизонындағы наурыз айында әшкереленген келісім ескеріліп, Ауғанстандағы революциялық режимнің өмір сүруіне қауіп төндірген кезде Совет Одағының әскери көмегі дер кезінде келді деуге болады. Алайда шектелген контингенттің негізгі дені кешігіп, яғни 1979 жылдың желтоқсан айында келді.

Ауғанстанға Совет армиясын кіргізу туралы шешімді Совет Одағының коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Саяси бюросының мүшелері Ю.В.Андропов, Д.Ф.Устинов, А.А.Громыко және Л.И.Брежнев қана қабылдады. Бұл шешім Хафизулла Аминді қолдауға жасалған шара болып көрінгенімен, астарында Советтік елдермен ынтымақтас, Ауғанстандағы достық режимді сақтай отырып, «сенімсіз» Аминді сол кезеңде Чехословакиядағы Ауғанстанның елшісі қызметінен аластатылған Бабрак Кармальға ауыстыру еді.

Ауғанстандағы жағдай Саяси бюромүшелерінің тыныштығын бірнеше себепке орай бұзған еді. 1979 жылы Иранда болған ислам революциясы Таяу Шығысқа тән фундаменталдық ислам саяси құрылысын бекіте түсуге шақырып тұрғандай болатын. Бұл, әрине, ауғандық моджахеттердің де көкейтесті мақсаты еді. Оған қоса, Совет еліне көңілі

ауып отырған жаңа таяушығыстық республиканың Үкіметі құласа, КСРО-ның абройын әлем алдында айрандай төгіп, Советтік Орта Азияда, дәлірек айтқанда, Тәжікстанда жағдай бұзылар еді. Оның үстіне, Ауғанстанда және онымен көршілес елдерде Құрама Штаттарының әскери-экономикалық әсері көзге көрінердей күш алып бара жатқаны келешекте Таяу Шығыстан Совет Одағының өзіне қауіп төндіруі әбден мүмкін еді.

Сөйтіп, Совет армиясын Ауғанстанға енгізу Совет Одағы тарапынан төнер қауіптің алдын алатын іс-шара болды. Ал сырт көзге оғаш көрінбес үшін әскердің енгізілуі КСРО ОК Саяси бюросы Ауғанстан басшылығы мен Х.Аминнің жеке өзінің Үкіметке қарсы күштерге тойтарыс беру үшін елге әскери көмек сұрауын негізге алды [5, 3-5 бб.]

Кесте-1 КСРО басшыларынан 1979 жылы кеңес әскерлерінің әр түрлі контингенттерін АДР-ға енгізу туралы ауғандық басшыларының сұраған өтініштерінің тізімі (Мәскеуге құпия хабарлама түрінде берілген күні бойынша көрсетілген) [3, 15 б.]

Күні	Мазмұны
14 сәуір	АДР – ға 15 – 20 кеңестің әскери тікұшақ экипаждарымен жіберу туралы.
18 маусым	Үкіметті, Баграм және Шиндандмәужайларын қорғау үшін АДР – ға танкілер мен пехота бронемашиналарына кеңестік экипаждар жіберу туралы.
11 шілде	Кабул қаласына әрқайсының саны батальонға дейін әскери күш енгізу жөнінде.
19 шілде	Ауғанстанға екі дивизияға дейін әскери күш енгізу жөнінде
20 шілде	Кабул қаласына әуе – десантшылар дивизиясының енгізу туралы
21 шілде	АДР – ға 8 – 10 МИ-24 тікұшағы кеңестік экипаждармен жіберу жөнінде.
24 шілде	Кабул қаласына кеңестік үш арнайы бөлімшелер және тікұшақ транспорттарын кеңестік экипаждар жіберу жөнінде .
1 тамыз	Кабул қаласына арнайы бригада жіберу туралы
12 тамыз	Кабул қаласына кеңестік үш арнайы бөлімшелер және тікұшақ транспорттарын кеңестік экипаждар жіберу жөнінде.
21 тамыз	Кабул қаласына кеңестік 1,5 мың десантшылар жіберу және ауғандық зенитшілер тобын кеңестік топпен алмастыру туралы.
25 тамыз 2 қазан	Кабул қаласына кеңестік іскерлер енгізу туралы.
17 қараша	Х. Аминнің жеке өзін қарауылдау үшін арнайы батальон жіберу жөнінде.
2 желтоқсан	Бадахшан провинциясына күшейтілген полк енгізу туралы.
4 желтоқсан	Ауғанстанның солтүстік аудандандарына кеңестік милиция бөлімшелерін енгізу жөнінде.
12 желтоқсан 17 желтоқсан	Ауғанстанның солтүстігіне кеңестік гарнизондар орналастыру, АДР – дің қатынас жолдарын қарауылға алу жөнінде.

Әрине, әлемдік державалардың бүкіләлемдік билікке ұмтылуы, Ауған елінің ішкі қақтығыстарына өз ықпалын тигізбей қоймады. Жоғарыда атап өтілген Ауғанстанның ішкі саяси жағдайына шет мемлекеттердің араласуы, Ауғанстан үкіметінің Кеңес елінен көмек сұрауына алып келді.

1979 жылы КСРО қарулы күштері Ауғанстан шекарасына кірді. Ауғанстан үкімет аппараты Кеңес елінен бінеше рет, ішкі саяси қақтығыстар мен бүліктертерді басу мақсатымен, әскери көмек сұраған. Жедел хаттар, құпия өтініш хаттар 1979 жылы Мәскеуге бірінен соң бірі келіп отырған [кесте-1]. Амин үкіметі КСРО дан көмек сұрағанымен, КСРО ның да держава ретінде саясаты болды. Ол Чехословакиядағы Ауғанстанның елшісі қызметінен аластатылған Бабрак Кармальды Ауған елінің басына қою еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Война в Афганистане // Под ред. Пикова Н.И. и др. – М.: Воениздат, 1991. – 367 с.
2. Егемен Қазақстан. – 1996. – 18 ақпан.
3. Боздақтар мәңгі жадымызды. – Алматы: Өлке, 2006. – 279 б.
4. Теплинский Л.Б. История советско-афганских отношений. 1919 – 1987. – М.: Мысль, 1988. – 386 с.
5. Жантасов А. Жартасты жастанған жасақ. Астана: Foliant баспасы, 2014. – 297 б.

«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЖАЙ ҚОРЫҒЫ

Тәлім А.Т.,

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Қалыш А.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Есік көлінде 1963 жылдың шілде айында орын алған табиғи апат-су тасқыны қазылмаған қосымша жерлеу орны сақталған обаны ашуға себепші болған тәрізді. Себебі, 1969-1970 жылдары су тасқыны шайып кеткен авто тұрақты салу үшін жаңадан берілген жер телімін зерттеу барысында археологтар К.А. Акишев пен Б. Нұрмұханбетов тек отандық қана емес, әлемдік археология ғылымы үшін де үлкен ашылым болған «Алтын киімді сақ адамы» жерленген Есік обасын ашқан еді.

Бұл оба ерте темір дәуіріндегі Қазақстан археологиясындағы Іле және Жетісу Алатауы бойларындағы шоғырлана салынған, жоғары дәрежелі тұлғалар жерленген көп жерлеу кешендердің біріне жатады, тек қазылған ескерткіштерден ондағы қабірдің бірінің тоналмауы бүгінгі таңға дейінгі бірегей дерек болып отыр. Есік обасы – бұл соңғы кездері зерттеушілер Скиф герростары деп аталып жүрген Қаратеңіз бойындағы Чертомлык, Күл-Оба, Толстая могила сынды обалармен маңыздылығы жағынан тең түсетін, сақ кезеңінің жеке тұлғаларға арнап салынған ескерткіші.

Сыртқы пішіні пирамида іспеттес Есік обасы үйіндісінің диаметрі 60 метрге, сақталу биіктігі – 6 метрге дейін жеткен, беткейлерінің тіктігі 45 - 50 құраған, үйіндінің төбесінде, әдеттегідей, диаметрі 12 м, тереңдігі 2,3 м тонаушылар шұңқыры болған. Обаны көлемі жағынан зерттеушілер «патшалық» обалар санатына жатқызды, өйткені осы бір жер бетінде тұрғызылған ғаламат құрылыстың өлшемдері жерленген адамның жоғары әлеуметтік дәрежесіне сай. Теориялық тұрғыдан обаның есептелген көлемі 8600 м³ тең. Осы құрылысты салу үшін шамамен 3-4 мың адамдық күш қажет болған. Зерттеушілердің пікірінше, үйінді түзу конус түріндегі күрделі құрылыс болған [1, 15 б.].

Жер бетіндегі құрылыстың стратиграфиясын зерттеу үйіндінің көп қабатты болғанын көрсетті. Обаның тік қимасының кескінінде 3-4 қабат байқалды: бір қабат өзен малта тастары қиыршық тас пен саз балшық аралас қабатпен кезектесіп отырған; орталық жерлеудің қабір шұңқырының айналасында қабірді қазғанда сыртқа шығарылған тас шоғырлары көрінді. Обаның табанын тазалау кезінде орталық және қапталдағы қабірлер анықталды [2, 10-19 бб.].

Есік обасынан алынған заттармен зертханалық-сараптамалық жұмыс жүргізу барысында К.А. Акишев пен реставратор В.И. Садомсков жерленген адамның киімін бастапқы қалпына келтіруді ойластырды. Бұл зерттеу жұмысы 1970 жылдан бастап, 1973 жылға дейін үш жыл бойы жүргізілді. Киімнің бөлшектерін қалпына келтіру үшін оның барлық бірнеше мың жапсырмасын тура сол күйінде қайта құйып шығу керек еді. Ал олардың пішіні де, өлшемі мен мазмұны да сан алуан болатын, олардың арасында құстар да, аттар да, арқар мен таутеке де, бұғы, барыс, қасқыр, тіпті қиял-ғажайып тіршілік иелері де кездеседі.

Құйма қалыптарын жасау үшін арақ-шарап зауытынан сұрап алынған шампан қақпақтары пайдаланылды. Көркем бұйымдарды штамптау және бедерлеу үшін 45-тен аса қалып даярланып, жапсырмалардың, шығыршықтар мен пластиналардың 3000-нан астам көшірмелері жасалды. Анодталған алюминийден әзірленген көшірмелер техникалық дәлме-